



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

f mmgpress i mangistaumunaigaz_jsc

№02 (160), НАУРЫЗ, 2023



АРНАЙЫ ШЫҒАРЫЛЫМ

ӨНДІРІСТІ ӨҢІРДЕГІ КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ



Таяуда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы Қаламқас кенорнында өндірістік кеңес өткізді. Келелі кездесуге бас директордың орынбасарлары, компания департаменттері мен қызмет басшылары, «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ басшылығы, цех, учаске бастықтары қатысты.

Кеңес отырысында «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ өндірістік көрсеткіштері мен өндірістің қазіргі жағдайы, кенорындағы көкейкесті мәселелер, әлеуметтік-шаруашылық жағдай мен кадрлық мәселелер талқыланды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Мұрат Мұстафаев күн тәртібінде көтерілген мәселелерді шешу үшін жауапты департаменттер басшыларына нақты тапсырмалар беріп, Қаламқас кенорнында мұндай мазмұндағы өндірістік кеңестер ай сайын өткізіліп тұратынын айтты.

Жиыннан соң бас директор Қаламқас кенорнындағы бірқатар цехтарды аралап, өндірістік ғимараттар мен қондырғылардың жай-күйімен танысты, сондай-ақ мұнайшылардың еңбек жағдайларына ерекше назар аударып, түйткілді мәселелерді шешу жолдарын қарастырып, қажетті шешімдер қабылдады.

Қоғам басшылығының кенорнындағы жұмыс сапары Қаламқас спорт кешені ғимаратында жалғасын тапты.

Компанияның ішкі коммуникациялар ережесіне сәйкес өткізілген бұл қорытынды есепке еңбек ұжымынан 250-ден астам адам қатысты. Кездесуді ашқан М. Мұстафаев еңбек ұжымына өзін таныстырудан бастады. Осыдан соң өндірістің сан-саласы бойынша баяндама жасау үшін орынбасарлары сөз алды. Жиында қоғамның өндірістік көрсеткіштері, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайы, экономикалық-қаржылық көрсеткіштері, адами ресурстарын басқару жұмыстары және әлеуметтік мәселелер бойынша баяндамалар тыңдалды. Кездесуде қойылған мұнайшылардың сұрақтарына нақты жауаптар беріліп, аталмыш сұрақтардың шешілуі қоғам басқармасының бақылауына алынды.

Еңбек ұжымдарымен есептік кездесу сапары аясында М.Мұстафаев Жетібай кенорнында болды.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының басшылары мен цех бастықтары қатысқан жиында «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы Болат Сейтмағанбетов мұнай қорлары,

ұңғымалардың жалпы қорының жай-күйі, мұнай өндіру және тапсыру жөніндегі деректерді баяндап, кенорынның өндірістік және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерімен таныстырды. Жиында Жетібай кенорнының қазіргі жағдайы мен перспективасы, сондай-ақ түйткілді мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланды.

Бұдан әрі Бас директор Жетібай кенорнының МАӨЦ, «Clean Field Kazakhstan» ЖШС, МСМ-27 УСГ-1, ГДТЖГШПЦ, ҚҚҰЦ ҚШСҚ-3, «Асар кенорны секілді бірқатар өндірістік нысандарын аралап, цехтар мен учаскелердің қызметімен танысты, қызметкерлермен өндіріске, экологияға, әлеуметтік-шаруашылық мәселелерге қатысты түйткілді сұрақтарды талқылады.

Аталған жиында мұнайшылар дәрежелерді арттыру, зияндылығы үшін қосымша төлемдер, ЕСОТ, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, жұмысқа орналастыру, вахталық жұмыс әдісі және т.б. мәселелерді қозғады.

Бас директор компания акт залында орталық аппарат қызметкерлерімен кездесу өткізді. Жиында 2022 жылы атқарылған жұмыстардың қорытындысы талқыланып, басқарманың құрылымдық бөлімшелері басшыларының есебі тыңдалды.

Бас директордың орынбасарлары, департамент басшылары ұжымды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы негізгі көрсеткіштермен таныстырып, геологиялық-барлау жұмыстары, кадрлық және әлеуметтік саясат туралы баяндама жасады.

Кездесуді қорытындылай келе Мұрат Мұстафаев ұжымға алғысын білдіріп, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ұжымының күш-жігерін біріктіре отырып, осы жылға қойылған мақсат-міндеттер жүзеге асырылатынына сенім білдірді.

ТАҒАЙЫНДАУ



2023 жылғы 9 наурызда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары болып Нұрпейіс Мизанбайұлы Сәрсенбай тағайындалды.

Н.М.Сәрсенбай 1972 жылы 14 мамырда Маңғыстау облысының Шөбір ауылында дүниеге келген.

1994 жылы Қазақ политехникалық институтын «мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген, 2013 жылы Іскерлік Әкімшілендіру магистрі бағдарламасы бойынша «Халықаралық Бизнес Академиясын» бітірген.

Нұрпейіс Сәрсенбай еңбек жолын 1994 жылы «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасында бастаған: МГӨЦ-1 мұнай және газ өндіру жөніндегі оператор, мұнай және газ өндіру жөніндегі шебер, цех инженер-технологы, цех бастығының орынбасары, орталық инженерлік-техникалық қызмет бастығының орынбасары. 2001 жылы «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ № 1 мұнай және газ өндіру цехының бастығы қызметіне тағайындалды.

2010 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы қызметін атқарды.

Адал еңбегі үшін Н.М. Сәрсенбай бірнеше рет «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, Маңғыстау облысы әкімдігінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құрмет грамоталарымен және алғыс хаттарымен, «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі мемлекеттік наградаларымен, «Маңғыстау» мұнайына 50 жыл» ескерткіш төс белгісімен марапатталды.

Маңғыстау ауданының Құрметті азаматы.

Үйленген, үш баласы бар.



ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ, ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БЛОГЫ

«МАҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ-НЫҢ «АЛТЫН ЕРЕЖЕЛЕРІ»

«Алтын ережелер» - бұл өндірістік тәуекелдердің алдын алуға арналған қарапайым, баршаға түсінікті және сенімді тәсіл. Бұл ережелерді «ММГ» АҚ-ның барлық қызметкерлері және мердігерлері сақтауға міндетті. Табысты болуды көздеген компания, өз қызметкерлеріне сенім артуы және осы қарапайым ережелерді сақтауы тиіс. «Алтын ережелерді» сақтау – ең маңызды болып табылатын адам өмірін сақтау. Сондықтан «ММГ» АҚ саясаты келесідей ережелерді көздейді:

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫН БОЛУ

КӨЛІКТІ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫСТАРҒА НАРЯД-РҰҚСАТ

ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ОҚШАУЛАУ

ТҰЙЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ

БИІКТІКТЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ

ҚОЗҒАЛАТЫН ЖӘНЕ ҚЫСЫМ ҮСТІНДЕГІ ЖАБДЫҚТАР

ЖҮК КӨТЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Өндірістің қауіпсіздік қағидалары:

- ЕШКІМ ЗАРДАП ШЕКПЕУІ КЕРЕК !
- ЖҰМЫСҚА КІРІСЕР АЛДЫНДА ОЙЛАН !
- ЖҰМЫСТЫ ҚАУІПСІЗ ОРЫНДА, НЕ ОНЫ МҮЛДЕМ ОРЫНДАМА !
- ЖҰМЫСТЫ ҚАУІПСІЗ ОРЫНДАУҒА ӘРДАЙЫМ УАҚЫТ ТАБЫЛАДЫ !
- КҮМӘНІҢ БОЛСА, АНЫҚТА! (СҰРА)

” Компаниямызда еңбек заңнамасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері үлкен мәнге ие. Адам өмірін сақтау басым міндет

«ММГ» АҚ-НЫҢ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР ДИНАМИКА КӨРСЕТКІШІ

Диagramма 1. **ӨНДІРІСТІК ТРАВМАТИЗМ, ЖАҒДАЙ САНЫ**

Жыл	НС	Смерть
2017	2	1
2018	0	0
2019	2	0
2020	1	0
2021	1	0
2022	0	0

Диagramма 2. **ЖКО САНЫ**

Жыл	ЖКО саны
2017	1
2018	0
2019	0
2020	0
2021	0
2022	1

Диagramма 3. **Мердігерлік ұйымдардың жазатайым оқиғаларының динамикасы**

Жыл	TOO "МЭМ"	TOO "МТК"	TOO "ОТК"	TOO "ОСС"	TOO "ОС"	TOO ИБК "СиБу"
2017	1	1	1	13	1	1
2018	2	1	2	2	2	2
2019	1	1	1	1	1	1
2020	4	4	4	4	4	4
2021	2	2	2	2	2	2
2022	0	0	1	0	0	8

” 2022ж. бойынша «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ қызметкерлері арасында өндірістік қызметпен байланысты жазатайым оқиғалар болған жоқ.

ҚОҒАМ КЕНОРЫНДАРЫНДАҒЫ ЖИНАҚТАЛҒАН «ТАРИХИ» ЛАСТАНҒАН АУМАҚТАР КӨЛЕМІ ЖӘНЕ ТҚҚ (ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАР)

Мердігер атауы	Нысан атауы	2022 жыл сомасы, млрд. теңге	2021-2022 жылдар		Қалған көлемі, тонна	2023 жыл сомасы, млрд. теңге	2023 жыл	
			Жоспарланғаны	Факт			Жоспарланғаны	Факт
«Жетібаймұнайгаз» ӨБ «тарихи» мұнаймен ластанған аумақтарды жою								
«CleanFieldKazakhstan» ЖШС	МДӨЦ үйіндісі	7,49	318 363	108 839	209 524	4,9	209 524	-
«Экостандарт.kz» ЖШС	МГӨЦ №№1-3 аумақтары	3,86	175 636	15 925	159 711	-	-	-
«Вест Дала»/ West Dala ЖШС	МГӨЦ №№1-3 аумақтары	-	-	-	-	1,5	87 818	-
«Eco-Operating» ЖШС және «ECSAD» ЖШС Консорциумы	МДӨЦ үйіндісі	-	-	-	-	2,7	152 332	-
Барлығы		11,35	493 999	124 764	369 235	9,1	449 674	-

2022 жылы тазартылып, мемлекеттік органдарға тапсырылғаны – 4,05 га аумақты құрайтын 5 учатке


Мердігер атауы	Нысан атауы	2022 жылғы сомасы, млн. теңге	2022-2023 гг		Орындалысы, %
			Жоспарланғаны	Факт	
«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-де «тарихи» мұнаймен ластанған аумақтар және ТҚҚ полигоны					
«Ақтау-ГеоЭкоСервис» ЖШС	түгендеу жобасы	229,5	-	-	-
«КТС» ЖШС	ТҚҚ полигоны	824,6	53 711	98 000	100 %
Барлығы		1054,1	53 711	98 000	

Тазартылған аумақтар - 3,478 га, 2023 жылы биорекультивациялау жұмыстарын жүргізіп, мемлекеттік органдарға тапсыру жоспарлануда


” Қазіргі кезде ТҚҚ полигоны толықтай тазартылып, техникалық рекультивация жұмыстары жүргізілді. 2023 жылы жасыл желек отырғызу арқылы биологиялық рекультивациялау жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

ЖМГ ӨБ-нің тазаланған аумақтары


КМГ ӨБ-дегі ТҚҚ полигоны




ӨНДІРІСТІК БЛОК



Бүгінгі таңда «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-ның 15 кенорнындағы алынатын мұнай қоры 130 млн тонна құрайды.



2022 жылда нақты мұнай өндіру «ММГ» АҚ бойынша 6 097 мың тоннаны құрайды, оның ішінде «ҚМГ» ӨБ - 3 584 мың тонна және «ЖМГ» ӨБ - 2 514 мың тонна.



2023 жылға мұнай өндіру жоспары 6 206 мың тонна құрайды, оның ішінде «ҚМГ» ӨБ бойынша 3 603 мың тонна және «ЖМГ» ӨБ бойынша 2 602 мың тонна.



2022 ЖЫЛДЫҢ «ММГ» АҚ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

млн. теңге

№	Көрсеткіш атауы	2020 ж. нақты	2021 ж. нақты	2022 жыл			2023 ж. бекітілген жоспар
				бекітілген жоспар	нақты	жоспардан ауытқу	
1	2	3	4	5	6	7	8
	Мұнай өндіру, мың тонна	5 954	5 888	6 130	6 097	-33	6 206
	Brent бағасы, долл/барр.	41,7	70,7	101,5	101,2	-0,3	90,0
	Теңгенің орташа бағасы, KZT/USD	413,0	426,0	458,2	460,2	2,0	470,0
1	Түсім	529 469	781 642	921 208	1 004 559	83 351	839 100
2	Шығыстар	464 200	555 420	786 825	867 300	80 475	758 139
	Өндіріс шығындары (өзіндік құн)	252 348	282 451	406 176	397 839	-8 337	447 893
	Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	162 146	242 379	349 807	341 535	-8 272	276 807
	Жалпы және әкімшілік шығыстар	3 553	5 403	20 853	23 054	2 201	21 386
3	Табысқа салынатын салық алдындағы пайда	65 269	226 222	134 383	137 259	2 876	80 961
4	Табыс салығы бойынша шығыстар	19 663	55 840	36 143	38 267	2 124	25 851
5	Жылдық таза пайда	45 606	170 382	98 240	98 993	752	55 111
6	Күрделі шығындар	69 132	77 328	103 520	90 433	-13 087	134 769



ӨНДІРІС ШЫҒЫНДАРЫ

млн. теңге

№	Көрсеткіш атауы	2020 ж. нақты	2021 ж. нақты	2022 жыл			2023 ж. жоспар
				жоспар	нақты	жоспардан ауытқу	
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Өндіріс шығындары	252 348	282 451	406 176	397 839	-8 337	447 893
1.1.	Шикізат және материалдар	7 386	7 969	12 731	9 379	-3 352	23 269
1.2.	Электр энергия	10 241	9 260	6 413	6 470	57	7 502
1.3.	Ұңғымаларды жерасты жөндеу	12 682	13 961	22 369	22 325	-44	26 859
1.4.	Ұңғымаларды күрделі жөндеу	13 804	17 538	31 281	30 100	-1 181	42 480
1.5.	Құрылыс сипатындағы негізгі құралдарды күрделі жөндеу	6 286	8 227	12 851	11 380	-1 471	19 582
1.6.	Көлік қызметтері	8 103	8 616	16 299	16 059	-240	19 748
1.7.	Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар	26 825	27 771	40 762	45 164	4 402	44 167
1.8.	Салықтар бойынша шығыстар	62 475	86 662	120 668	122 684	2 016	97 977



КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАР

млн. теңге

№	Көрсеткіш атауы	2020 ж. нақты	2021 ж. нақты	2022 жыл			2023 ж. жоспар
				жоспар	нақты	жоспардан ауытқу	
1	2	3	4	5	6	7	8
2.	Күрделі шығындар	69 132	77 328	103 520	90 433	-13 087	134 769
2.1.	Ұңғымаларды бұрғылау	37 304	41 599	53 535	47 811	-5 724	46 697
2.2.	Ұңғымаларды физикалық жою шығындары	22	182	805	737	-68	1 789
2.3.	Күрделі құрылыс	12 099	12 649	19 031	15 816	-3 215	23 120
2.4.	Болат құбырларды шыны пластикке ауыстыру шығындары	4 770	3 216	5 567	5 553	-14	6 943
2.5.	Жобалау жұмыстары (болашақ кезеңдерге арналған)	178	52	268	153	-116	186
2.6.	Жобалау және іске қосу жұмыстары	377	3 880	1 225	925	-300	1 966
2.7.	Негізгі құрал-жабдықтар мен бейматериалдық активтерді сатып алу	14 382	15 749	23 089	19 438	-3 651	54 067

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның барлық кірісі 1 трл. 4 млрд. 559 млн. теңгені құрады, ал жоспарланған кіріс 921 млрд. 208 млн. теңге болған.

Қоғамның нақты шығыстары 867 млрд. 300 млн. теңгені құрады.

Барлық Өндіріс шығындар сомасы 397 млрд. 839 млн. теңге құрады. Ол жоспардан 8 млрд. 337 млн. теңгеге кем, немесе жоспардың 98% құрады.

Өндірістік қызметкерлердің еңбекақы қорына 45 млрд. 164 млн. теңге жұмсалды, ол жоспардан 4 402 млн. теңге артық, немесе жоспардың 111% құрады.

Қомақты үлес салыққа кетеді: нақты көрсеткіштер бойынша 122 млрд. 684 млн. теңге. Жоспар бойынша салықтар сомасы 120 млрд. 668 млн. теңге.

2022 жылғы Күрделі шығындар бойынша барлық нақты шығындар 90 433 млн. теңге құрады, жоспар – 103 520 млн. теңге, жоспарды орындау 87% құрайды.

Бұрғылау күрделі салымдардың басым бөлігін құрайды – 47 811 млн. теңге.

КАДР САЯСАТЫ

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Жалпы ақпарат

«ММГ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ - 01.01.2023



Барлық қызметкерлер – 3 955 адам

Өндірістік персонал - 3 279 адам


Ақтау - 676 адам
(орталық кеңсе – 483 адам)

«ҚМГ» ӨБ
1 692 адам


«ЖМГ» ӨБ
1 100 адам

Департаменттер
487 адам


Дислокация бойынша



Жынысы бойынша



Жас санаты бойынша



Орындалған жұмыс

РАЗРЯДТАРДЫ АРТТЫРУ, ЖҰМЫС РЕЖИМІН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

2022 жылға кен орын қызметкерлерінің разрядтарын арттыру бойынша өзгерістер

Разрядтар	«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ	«Жетібаймұнайгаз» ӨБ	Барлығы
3	-	-	-
4	333	243	576
5	281	264	545
Жалпы саны:	614	507	1 121



2022 жылға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ конкурстық іріктеу

ҚБ/ӨҚБ	Қатысушылардың жалпы саны		Шекті балл жинағандар		Бағалау қорытындысы бойынша аударылғандар	
	ИТР	жұмысшы	ИТР	жұмысшы	ИТР	жұмысшы
«ҚМГ» ӨБ	8	32	4	16	2	14
«ЖМГ» ӨБ	5	60	3	27	1	23
Департаменттер (оның ішінде кен орындары)	92	44	49	20	41	18
Жалпы саны	105	136	56	63	44	55
		241		119		99

2022 жылға кен орын қызметкерлерінің 12 сағаттық режимге ауыстыру

Маңғыстаумұнайгаз АҚ	
«ҚМГ» ӨБ	1 288
«ЖМГ» ӨБ	227
Департаменттер (кен орындар)	277
Жалпы саны:	1 792



2022 жылы штаттық кестеге сәйкес төменгі дәрежеден жоғарғы дәрежеге ММГ бойынша 1121 қызметкерлер ауыстырылды.

2022 жылдың 01 наурызынан бастап 12 сағаттық жұмыс режиміне 1792 қызметкерлер ауыстырылды.




2022 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ штатында 2 кезеңмен 233 адам жұмысқа орналастырылды (1 кезеңде – 99 адам; 2 кезеңде – 134 адам, оның ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Еңбек қатынастары тоқтатылған бұрынғы қызметкерлердің отбасы мүшелері (қайтыс болуына байланысты; денсаулық себептері бойынша) 84 адам және Қарақия және Маңғыстау аудандарының әкімдіктер ұсынған жұмыссыз тұрғындары кандидаттардың әлеуметтік жағдайы бойынша 149 адам.

Орындалған жұмыс

ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ

2022 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ штатында 233 адам жұмысқа орналастырылды. 1 кезең - 99; 2 кезең - 134

Әлеуметтік, еңбек және экономикалық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тұрақты даму саласындағы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, атап айтқанда Маңғыстау облысындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау қажеттілігіне байланысты, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Есенов атындағы университетпен бірлесіп бос жұмыс орындарына одан әрі жұмысқа орналасуға үміткерлерді дайындау мақсатында «Интенсивті білім беру» бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асырды.



Жұмысқа қабылдау рәсімінің жұмыс істеуінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету, кандидаттардың нәтижелеріне сәйкес кәсіптер бойынша бөлу, кері байланысты қамтамасыз ету


- ▶ Шәкіртақы – 60 мың теңге/айына;
- ▶ Жатақхана;
- ▶ Жаттығу күндерінде екі рет кофе-брейк және түскі ас;
- ▶ Спорт клубтары – футбол, бассейн, спорт залы;
- ▶ Экскурсиялармен топ құру (тимбилдинг)

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (84 адам)
Аудан әкімдіктері 149 адам, оның ішінде (Қарақия – 99 адам, Маңғыстау – 50 адам)

Еңбек қатынастары тоқтатылған бұрынғы қызметкерлердің отбасы мүшелері
- қайтыс болуына байланысты;
- денсаулық себептері бойынша (мүгедектік/өндірістік жарақат).

Маңғыстау облысы аудандарының (Қарақия және Маңғыстау аудандары) әкімдіктер ұсынған жұмыссыз тұрғындары кандидаттардың әлеуметтік жағдайы бойынша


ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ – 2022 ЖЫЛ

Әлеуметтік төлемдер, өтемақылар және кепілдіктер
Ұжымдық шартты орындау

2022 жылы Ұжымдық шарт бойынша шығыстардың барлығы:

- Жоспар 2022 ж. – **5 734 127 мың.тг.**
- Факт – **12 458 376 мың.тг.** (оның ішінде бонус 6,600 млн.тг.)
- Ауытқу - **6 724 249 мың.тг.**

2022 жылы бюджетке қосымша ақша бөлінген бағыттар



Ұлғайтуға дейінгі ұқсас шығындар

№	Наименование	Дейін (мың,тг)	Кейін (мың,тг)
1	Балалардың жазғы демалысы	254 913	457 252
2	Спорттық сауықтыру қызметі	26 880	67 032
3	Жаңа жылдық сыйлықтар	37 447	74 894
4	Емдеуге және операцияға арналған	14 000	56 000
5	Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету	0	58 417

Барлығы бөлінді - 380 355 мың теңге.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ: ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
БАЛАЛАРЫНЫҢ 2022 ЖЫЛДА
ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ДЕМАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

БСО атауы	Жолдамалар саны	Жолдамаларды үлестіру тәртібі				
		Құрылымдық бөлім атауы	Балалар саны	Алматы қ-сы орталықтары	Жергілікті орталықтар	Барлығы
"Айналайын" Алматы қ-сы	429	ҚМГ ӨБ	1486	402	384	786
"Арман-Дала" Алматы қ-сы	429	ЖМГ ӨБ	896	240	231	471
"Ақбөбек" Жаңаөзен қ-сы	180	ӨӘБ	805	216	208	424
"Фламинго" Ақтау қ-сы	462	Барлығы:	3177	858	823	1681
"Rixos" baby club Ақтау қ-сы	181					
Барлығы:	1681					



”

2022 жылы Ұжымдық шарт бойынша шығыстар 6 млрд. 724 млн. 249 мың теңгеге ұлғайды

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ: МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТЫ



Су жаңа жабдықтармен офтальмология кабинеті сатып алынды және іске қосылды - ROTEC PRK-7000



Жаңа лор-комбайн сатып алынды



Жоғары класты Mindray DC-70 жаңа УДЗ аппараты сатып алынды



Crystalvue - көзішілік қысымды өлшеуге арналған термометр, науқастың көз торын тексеруге және жазуға мүмкіндік береді



Қаламқас к/о стоматология және массаж кабинеті жабдықталды. Екі тіс дәрігері, екі массажист жұмысқа қабылданды



Қаламқас кен орнына 12 арналы ЭКГ аппараты, ларингоскоп, науқастарды тасымалдау үшін плащ-зембіл сатып алынды

”

Медициналық мамандардың жалпы саны өсті, бұрын болмаған жаңа бейінді: гастроэнтеролог, инфекционист, пульмонолог, ревматолог, аллерголог мамандары пайда болды.

ШУАҚ ШАШҚАН МЕРЕКЕ



Елімізде кәсіп пен мамандықтың түр-түрін меңгеріп, өз саласында жемісті еңбек етіп жүрген нәзік жандылар көп. Экономикада салмағы басым өндірістің өркенді дамуында әйелдер қауымының еселі еңбегі мен қажырлы қайратының үлесі жатыр. Халықаралық әйелдер күніне орай «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінде мерекелік кеш өткізді.

Шұғылалы мерекеде нәзіктік пен сұлулық атаулыны бойына жинаған қыз-келіншектер мен аяулы ана, ардагер мұнайшылардың құшақтары гүлге толып, құрметке бөленді. Екпінді еңбек тынысын толостатпай, өндірістің өтінде ерлермен иық тіресе еңбек етіп жүрген нәзік жандылар жұмыстан бір сәт сергіп, көңілді кештің сыйлы қонағы болды.

Салтанатты іс-шарада «Қаз-МұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласындағы өкілдігі, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқармасы әйелдер қауымын шуақты мерекемен құттықтап, тілек-лебіздерін білдірді.

– Қадірлі қыз-келіншектер, аяулы да ардақты аналар! Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздер үшін жоғары деңгейде концерт ұйымдастырып, керемет көңіл-күй сыйлаған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бастаған мұнай компанияларына ерекше алғыс білдіремін. Қазақ халқында «Ана бір қолымен бесікті тербесте, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген керемет сөз бар. Ұлт тәрбиесі қыз тәрбиесінен басталады демекші, біздің қыздарымыз, аналарымыз, әжелеріміз қазақ халқының қалыптасуына үлкен үлес қосып келе жатыр. Сондықтан да ұлтымыздың болашағы сіздер берген тәлім-тәрбиемен өскен ұрпақтың еншісінде. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат, қызметтеріңізге толағай табыс тілейміз. Көргеніміз береке болсын, әрқашан біздің ортамызда құлпырып жүре бергейсіздер. Ақ жаулықты аналарымыз аман болсын. Қазақ елі мәңгілік болсын. Қазақ елінің арулары жасасын, - деді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласындағы өкілдігі әлеуметтік-ақпараттық

Әрқашан шаңырақтарыңызға береке қонып, үйіңізден жылылық кетпесін. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік тілеймін! – деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Мұрат Мұстафаев.

Көктемнің шуақты мерекесімен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Сью Шиго, кәсіподақ ұйымының төрағасы Мәди Кентанов құттықтап, компанияның жетістікке жетуінде, мұнай-газ саласының өркендеуіне әйелдер қауымы зор еңбек сіңіргенін айтып, игі тілектерін арнады.



сымыз шексіз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Көктемнің алғашқы мейрамымен қыз-келіншектерді, әріптестерімді құттықтаймын. Өндірісте ер азаматтармен қатар жұмыс істеп жүрген әйелдер көп. Еңбектері жемісті, отбасылары аман болсын, - деді «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында мұнай дайындау, тасымалдау цехының операторы Қалампыр Жолдыбаева.

– Биыл компанияда жұмыс істегеніме 33 жыл болды. Біз мұнайшыларға, олардың жұмыс орындарына қолайлы жағдай жасауға ден қоямыз. Мерейлі мерекемізге арналған кеш өте жоғары деңгейде өтіп жатыр. Бәріміз дән риза болып тұрмыз. Халықаралық мереке тұсында ардақты аналарымызға, аяулы қыздар мен мұнайшы аруларға бар жақсылықты тілеймін. Еңбектері еселеніп, табыстары арта берсін, денсаулықтары зор болсын, - деп Күрделі құрылыс департаментінің



саясат және сүйемелдеу департаментінің директоры Аманғали Нұрдәулетов.

– Қадірлі аналар, құрметті мұнайшы әріптес қыз-келіншектер! Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Мереке күні елге – тұтқа, ұрпаққа – пана, шаңырақтың – ұйтқысы, ынтымақ пен ырыстың алтын діңгегі – өздеріңізге бас иеміз.

Бүгінгі таңда «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында 600-ден аса қыз-келіншек еңбек етеді. Өндірістің суығына тоңып, ыстығына күйіп, мұнай игеруде ер азаматтармен қатар жанкештілік танытқан ардагер аналарымыз, өндірістің білікті мамандары – геолог, оператор, заңгер қыздарымыз бүгін осы залда отыр. Маңғыстау облысының өсіп-өркендеуінде біздің компаниямыздың үлесі қандай болса, сол табыста сіздердің еңбектеріңіз өте зор екенін ерекше атап өткім келеді. Сондықтан да ұжымда бірлік-ынтымақ пен тұрақтылықтың сақталуына, өндірісті өркендетуге, компанияның дамуы жолында аянбай еңбек етіп жатқан өздеріңізге үлкен алғысымды білдіремін. Ал сіздерге қамқорлық – компания әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі болып қала береді.

Қадірлі аналар, әріптес қыз-келіншектер! Көктемнің осынау шуақты мерекесіне арналған мұнайшылар концерті сіздердің көңілдеріңізді нұрға, жүректеріңізді жырға бөлейді деп ойлаймын.



Мерейлі кеште «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мен «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясына қарасты мұнай компанияларының талантты жастарының ана туралы әсем әндері мен әсерлі қойылымдары салтанатты іс-шараның сәнін келтірді.

Өндірісте талай жыл абыройлы қызмет істеген мұнайшы қыз-келіншектер төл мереке қарсаңында марапат алып мерейі өсіп, ақжарма тілектерін жаудырды.

– Мұнай-газ саласында 1989 жылдан бері еңбек етіп келемін. Біз мұнайды тазартып, өңдеп, тасымалдаумен айналысамыз. Әйелдер қауымы үшін маңызы айрықша мерекеде керемет кеш өткізіп, көңілімізді көкке көтерген «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының басшылығына алғы-

қызметкері Алтынай Ахметова жүректен жарды лебізін айтты.

Мерейлі күні құрмет-қошемет көрген мұнайшы қыз-келіншектер үшін көктем мерекесі осылайша жақсы көңіл-күймен басталды. Қазақстан жастар Одағы сыйлығының және «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері Қыдырәлі Болманов және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қарақат Әбділдина ән мен жырдан шашу шашып, көрермендердің көңілін көкке көтерді. Жан жадырататын шуағы мен нұр-шапағатын ала келген көктемнің алғашқы мерекесіне ерекше дайындалған мұнайшылар әйелдер қауымына әсерлі де әдемі кеш сыйлады.

Жайық НАҒЫМАШ

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

НА ЖЕТЫБАЕ ЗАПУЩЕНА НОВАЯ ЭЛЕКТРОПОДСТАНЦИЯ

На месторождении Жетыбай на участке цеха подготовки и перекачки нефти (ЦППН) введена в эксплуатацию новая подстанция ПС-35/6кВ мощностью 2х4000кВА.

В связи с увеличением объема добычи и подготовки нефти по производственному управлению «Жетыбай-мунайгаз» остро встал вопрос дефицита электрических мощностей: существующая схема электроснабжения не удовлетворяла растущим потребностям ЦППН. Поэтому Правлением Общества было принято решение о строительстве на месторождении Жетыбай новой электроподстанции и

буквально на днях ПС-35/6кВ была успешно введена в эксплуатацию.

- Хотелось бы поблагодарить всех кто принимал участие в реализации данного проекта: руководство и работников ДКС, главного энергетика Общества, руководителей сервисных компаний и многих других, - отмечает главный энергетик ПУ «Жетыбай-мунайгаз» Космурат Абуов. - Благодаря совместным усилиям на всех стадиях нам удалось выполнить монтаж и наладку без перерыва в электроснабжении цеха и, соответственно, без срыва производственного процесса.



Новый питающий центр не только позволит оптимизировать существующую схему электроснабжения ЦППН и решить проблему нехватки энергии, но и что немаловажно создаст

резерв мощности с учетом развития месторождения и увеличения объема потребления электроэнергии в будущем.

МОДУЛЬДІ ЖАТАҚХАНА ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында кенорындардағы мұнайшылардың тұрмысын жақсарту мақсатындағы жұмыстар өз жалғасын табууда.

6 ақпан күні Қаламқас кенорында «Caspian FOOD» ЖШС инвестициялық жобасы аясында салынған №3 модульді жатақхана қолданысқа берілді.

Заманауи үлгідегі бұл 50 орынды жатақхананың кондиционерлі бөлмелері су жаңа жиһаздармен, төсек орындармен, теледидармен, тоңазытқыштармен жабдықталған. Әр бөлмеде санитарлық тораптар бар.

Жатақханадағы мұнайшылардың демалыс залында теледидар орнатылып, ыңғайлы жұмсақ дивандар қойылған.

«Қаламқастағы мұнайшыларымыздың тұрмысын жақсарту маңызды мәселелердің бірі, Бүгінде кенорынына қарасты 46 жатақхана бар. Оның 3-еуі модульді нысандар санатына кіреді» - дейді «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мұрат Батыршаев.



ӘРІПТЕСІМІЗ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТІМЕН ТАНЫЛДЫ

Еліміздегі әйел адамдардың отбасындағы, қоғамдағы, ұрпақ тәрбиесіндегі, ұлттық құндылықтардағы орны ерекше екені баршамызға мәлім. Ендеше олардың жан-жақты дамуы, қоғамға үлес қосуы туралы кең жұршылықты хабардар ету міндеті бар екені анық.

Осы ретте Республикамыздың 30 жылдық мерейтойына еліміздегі талантты, көшбасшылық қасиетке ие әйелдердің, қыз-келіншектердің іскерлігін, қайсарлығын, өжеттігін қоғам алдында насихаттау үшін «XXI ғасырдың көшбасшы әйелдері» атты

еңбек еткен, әлі де осы бағытта жұмыс істеп келе жатқан білім саласының тұлғалары, дәрігерлер, құрылысшылар.

Осы кітаптың кейіпкерлерінің бірі – өзіміздің әріптесіміз, компаниямыздың қаржы департаменті директоры Шолпан Лазарқызы Ильмуханбетова екенін мақтанышпен хабарлаймыз.

Кітапта еңбекқорлығы, жұмысбастылығы, білімі мен біліктілігі өзімізге аян болған Шолпан Лазарқызының өмір жолы, білім алып, еңбекке араласуы, қол жеткізген жетістіктері фотосуреттермен толықтырыла отырып, әсерлі баяндалған.




Республикалық бірегей жоба жүргізілген болатын. Аталмыш жобаның аясында «NUR.KZ» баспа үйі 2022 жылы «XXI ғасырдың көшбасшы әйелдері» атты кітап басып шығарды.

Кітап кейіпкерлері – еліміздің саяси-қоғамдық өміріне белсенді араласатын, экономиканы дамытуға өзіндік үлесін қосып жүрген мамандар мен кәсіпкерлер, болашақ ұрпақтың интеллектуалды қабілетін арттыруда

Ғұмыры мен өмірлік тәжірибесі, үлгі боларлық қасиеттері арқылы нәзікжанды әріптесіміздің Республикалық бірегей жобасына енуі ұжымдастар үшін қуантарлық жаңалық екені сөзсіз.

Шолпан Лазарқызына, алдағы уақытта да кең байтақ еліміздің әлеуетіне қосар сүбелі үлесіңіз көбейе берсін, дей отырып, ыстық ықыласымызды жеткізіміз!



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ
 Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
 Редактор: Есназар Сұлтанов
 Редакция алқасы: - С. Галидуллин
 - Ж.Кемал.
 Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
 130000, Ақтау қаласы
 6 ш.а., № 1 үй,
 тел:
 212-035, 211-861
 211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
 шығады.
 Тегін таратылады

Газет ҚР
 Мәдениет және
 ақпарат
 министрлігінде
 есепке
 қойылып,
 № 9675 - Г
 куәлігі берілген

▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
 ▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
 ▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
 Индексі: 64265

«ADVER» ЖШС баспаханасында басылды.
 Ақтау қаласы,
 3-Б ш/а, 55/1 ғим.
 тел: 8(7292)507000